

Білім беру платформасына қолжетімділікті ұсыну жөніндегі қызметтің сипаттамасы

1. Сатып алынатын қызметтердің атауы: Білім беру платформасына қолжетімділікті ұсыну жөніндегі қызметтер (бұдан әрі –Қызметтер).

2. Қызметтердің сипаттамасы: _____
қызметкерлері мен студенттерінің кәсіби дамуы үшін деректерді талдау, зерттеу әдістері, менеджмент, ақпараттық технологиялар, әлеуметтік ғылымдар, физика ғылымдары, инженерлік іс, өнер және гуманитарлық ғылымдар, бизнес, биотехнология және т.б. қоса алғанда, білімнің әртүрлі салалары бойынша курстардан тұратын халықаралық білім беру платформасына қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Пайдаланушы лицензияларын активациялау қызмет көрсету фактісі болып табылады.

Орындаушының Тапсырыс берушіге әкімші рөлін ұсыну туралы хабарламаны (бұдан әрі – Хабарлама) Тапсырыс берушінің электрондық поштасына жолдауы қызмет көрсету фактісі болып табылады.

3. Пайдаланушы лицензияларының саны: _____.

4. Білім беру платформасына қол жеткізуге қойылатын талаптар:

4.1. Білім беру платформасына дүниежүзілік Интернет желісі арқылы қол жеткізіледі.

5. Білім беру платформасына қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі шарттар:

5.1. Тапсырыс беруші Орындаушыға шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде әрбір пайдаланушының тегін, атын, әкесінің атын және электрондық пошта мекенжайын көрсете отырып, Пайдаланушылар тізімін жібереді. Бұл ретте, ұсынылған Пайдаланушылар тізімі Білім беру платформасына қол жеткізудің қолданылу мерзімі ішінде қажеттілігіне қарай өзгеруі мүмкін.

5.2. Шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Орындаушы пайдаланушы лицензияларын белсендіреді, Тапсырыс берушінің пайдаланушыларына тіркеу үшін сілтемелер жібереді және Хабарлама жібереді.

Бұл ретте, Орындаушы Тапсырыс берушінің осы техникалық ерекшеліктің 5.1-тармағына сәйкес пайдаланушылар тізімін уақтылы және / немесе толық ұсынбағаны үшін жауапты болмайды және осы техникалық ерекшеліктің 5.2-тармағында көрсетілген пайдаланушы лицензияларын іске қосу мерзімін өзгертуге, ұзартуға немесе кейінге қалдыруға міндетті емес.

5.3. Тапсырыс беруші қызмет көрсету фактісі бойынша білім беру платформасына қолжетімділікті ұсыну бойынша көрсетілген қызметтер үшін төлемді Тапсырыс беруші мен Орындаушының уәкілетті тұлғалары орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қойған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде іске асырады.

5.4. Білім беру платформасына қолжетімділік осы Техникалық ерекшеліктің 10.1-тармағында көрсетілген мерзімге уақытша пайдалануға беріледі.

6. Технологиялық талаптар:

6.1. Білім беру платформасы әртүрлі операциялық жүйелерде (iOS, Android, MS Windows, Apple macOS және т. б.) және аппараттық платформаларда, соның ішінде интерактивті жабдықта, дербес компьютерлерде, портативті мобильді құрылғыларда, кіріктірілген браузерлерді қолдау жүйесі арқылы немесе мамандандырылған, еркін таратылатын тегін қосымшалардың көмегімен материалдарды көру мүмкіндігін білдіретін кросс-платформалық үйлесімділікті қамтамасыз етуі тиіс.

7. Құпиялылық:

7.1. Шарттың қолданылу мерзімі ішінде және ол аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде Орындаушы деректердің құпиялылығын қамтамасыз етуге және Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз өзге тұлғаларға қызметтер көрсетуге қатысты ешқандай ақпаратты жария етпеуге міндеттенеді.

7.2. Құпиялылықты қамтамасыз ету мақсатында, оқыту платформасында мониторингке, деректерді экспорттауға қол жеткізу, сондай-ақ барлық басқа әрекеттерді жүзеге асыру үшін құзыреттер рөлдер бойынша бөлініп, осы рөлдер шеңберінде қатаң түрде ұсынылуы керек.

8. Дизайн-эргономикалық талаптар:

8.1. Интерфейстің біркелкілігі: жазулар, анықтамалар жүйесі, бір типтегі белгішелерді (иконкаларды) және басқа да арнайы таңбаларды қолдану, бір пән ішінде компоненттердің нақты танылуын қамтамасыз етеді.

8.2. Ыңғайлылық, қарапайымдылық, біркелкілік және навигация жылдамдығы: жауап беру немесе басқару әсеріне жауап беру уақыты 1 минуттан аспауы керек.

8.3. Курсты сәтті аяқтаған кезде мынадай сипаттамалары бар электрондық сертификат ұсынылады: 1) білім алушының тегі, аты; 2) аяқталған курстың атауы; 3) курс авторлары бойынша ақпарат, оның ішінде ұйымның логотипі; 4) сертификаттың дұрыстығын тексеру үшін Дүниежүзілік онлайн оқыту өнім берушісінің серверінде мерзімсіз сақталатын сертификаттың электрондық нұсқасына сілтеме. Сілтемені басқан кезде курстың аяқталу күні мен уақыты туралы ақпарат, сондай-ақ курсты аяқтауға кететін уақыт туралы ақпарат болуы керек.

8.4. Оқу процесі туралы мәліметтер эргономикалық түрде оқыту платформасында жасалуы керек, сонымен қатар экспорттауға, ең болмағанда, .csv форматында қол жетімді болуы керек. Оқыту үдерісі бойынша деректер мыналарды қамтиды: әрбір тапсырма бойынша алынған баға, тапсырмаларды орындау уақыты, тапсырмаларды аяқтаудың сәттілігі, курс бойынша қорытынды баға, курс материалдарына қатысу дәрежесі, оқыту тілі, курстың сипаттамасы, курс рейтингі, білім саласы, курс авторы, білім алушының электрондық поштасы.

8.5. Оқыту платформасында бірыңғай кіру технологиясы (Single Sign-On) сияқты қауіпсіз, ыңғайлы тәсілмен білім алушылардың сәйкестігін тексеру функциясы болуы тиіс.

8.6. Курстың мақсаттары мен міндеттеріне байланысты платформада бағалау бағалаудың әртүрлі түрлері арқылы, соның ішінде ашық және жабық сұрақтарды пайдалана отырып жүзеге асырылуы тиіс.

8.7. Мобильді құрылғыларда платформада курстық материалдарды жүктеу және оларды офлайн режимінде пайдалану мүмкіндігі болуы керек. Желіге қосылған кезде, офлайн режиміндегі оқу барысы басқа тіркелгі деректерімен және оқу процесімен синхрондалуы керек.

8.8. Платформа әлемдік деңгейдегі жетекші университеттер мен компаниялардың онлайн курстарына қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс. Платформада студенттерге кәсіби дағдыларды үйренуге мүмкіндік беретін виртуалды орта болуы керек. Білім беру платформасында қазақ және орыс тілдеріне аударылған және локализацияланған курстар болуы керек.

9. Растайтын құжаттар бойынша талаптар:

9.1. Қазақ тіліне аударылған курстарға растайтын қорғау құжатының болуы (сатып алуға қатысуға өтінім құрамында Орындаушы авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы куәліктің электрондық көшірмесін ұсынуы тиіс).

9.2. Дүниежүзілік онлайн оқыту өнім берушісінен білім беру платформасына қолжетімділікті таратуға рұқсат беру құжатының болуы (сатып алуға қатысуға өтінім құрамында Орындаушы қызметтерді іске асыру туралы хаттың электрондық көшірмесін ұсынуы тиіс).

9.3. ЭЕМ үшін бағдарламаға растайтын қорғау құжатының болуы (сатып алуға қатысуға өтінім құрамында Орындаушы авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы куәліктің электрондық көшірмесін ұсынуы тиіс).

10. Білім беру платформасына қол жеткізу мерзімі:

10.1. Білім беру платформасына қол жетімділік пайдаланушы лицензиялары активацияланған күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік айға беріледі.

11. Қызмет көрсету мерзімі:

11.1. Қызмет көрсету мерзімі пайдаланушы лицензиялары активацияланған күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай.

12. Кепілдік: білім беру платформасына қол жеткізудің барлық мерзімі ішінде.